Талдамалық анықтама

Сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және оларды барынша азайту (жою) мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы

Астана қаласы **2026 жылғы 15 шілде**

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №30 бұйрығы негізінде (бұдан әрі – Департамент) Департаменттің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің (бұдан әрі – Бөлім) қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Бөлімнің негізгі міндеті – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің және Департаменттің стратегиялық және операциялық жоспарларын өз құзыреті шегінде іске асыруға қатысу.

Ішкі талдау жүргізу барысында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінде нормативтік құқықтық актілер, Департаментке қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар және өзге де мәліметтер зерделенді.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті зерделеу барысында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде Департамент қызметкерлерінің бақылау субъектілерінің өкілдерімен тікелей байланыста болатыны анықталды. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Осыған байланысты халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің қызметкерлері мемлекеттік бақылауды бөлім басшысы мен екі бас маманның алқалы құрамымен жүзеге асырады. Сонымен қатар, тексерулер барысында пайдалану үшін мемлекеттік сатып алу арқылы кеудеге тағылатын бейнекамераларды сатып алу жоспарлануда.

Мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылау және тексерулер нысанында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының талаптарының сақталуына бақылау жүргізу барысында мамандар

мемлекеттік бақылауды профилактикалық бақылау және тексерулер түрінде жүзеге асырады. Тексерулер бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылауға және жоспардан тыс тексерулерге бөлінеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылау – бұл бақылау және қадағалау органдары бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүзеге асыратын бақылау түрі. Оның нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік іс жүргізуді қозғамай-ақ оларды жою туралы нұсқама шығарылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылауды тағайындауға тәуекелдерді бағалау және басқарудың ақпараттық жүйелерінде кестелер мен жартыжылдық тізімдер автоматты түрде қалыптастырылатын жағдайларды қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен бақылау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімі негіз болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері бақылау жүргізілетін объектілер міндетті түрде көрсетіле отырып қалыптастырылады.

Профилактикалық бақылау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін және ағымдағы жылдың 10 мамырына дейін бақылау және қадағалау органдары бекітілген жартыжылдық тізімдерді, оның ішінде электрондық нысанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жиынтық жартыжылдық тізімді қалыптастыру үшін жолдайды. Бұл талап тәуекелдерді бағалау және басқарудың ақпараттық жүйелерінде тізімдер автоматты түрде қалыптастырылатын жағдайларға қолданылмайды.

Жартыжылдық тізім негізінде бақылау органы бақылау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын немесе оның уәкілетті өкілін, жеке тұлғаны) профилактикалық бақылаудың басталуы туралы оның басталуына кемінде күнтізбелік отыз күн қалғанда күні көрсетіле отырып жазбаша хабардар етуге міндетті.

Профилактикалық бақылаудың басталуы туралы хабарлама қолма-қол тапсырылады, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберіледі немесе бұрын ұсынылған электрондық пошта мекенжайына электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде не өзге де қолжетімді тәсілмен жолданады.

Профилактикалық бақылау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда бақылау органы оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, бақылау субъектісіне (объектісіне) бұзушылықтарды жою туралы нұсқама береді.

Жоспардан тыс тексеру – адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау органы тағайындайтын тексеру.

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексеруді жүргізуге негіздер мыналар болып табылады:

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексеруді жүргізуге негіздер:

1. талаптарға сәйкестікке жүргізілген тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижесінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

2. бақылау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты бірнеше рет ұсынбаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жоймаған жағдайда, талаптарға сәйкестікке жүргізілген тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижесінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және болмашы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

3. Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы жеке және заңды тұлғалардың негізді уәждері мен растайтын дәлелдемелері бар өтініштері;

4. адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупінің нақты фактілері бойынша прокуратура органдарының тапсырмалары;

5. адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғатын Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы мемлекеттік органдардың өтініштері;

6. бақылау субъектісінің (объектісінің) бастапқы тексеру нәтижелерімен келіспеуіне (жедел ден қою шараларының заңсыз қолданылуына) байланысты қайта тексеру;

7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық қудалау органының тапсырмасы.

Анонимді өтініштер түскен жағдайда жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді.

Тексерулер Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №162 бұйрығымен бекітілген «Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу, оларды тіркеуден бас тарту және күшін жою, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды, сондай-ақ профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері бойынша ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінде тексеруді тағайындау туралы актілер мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

Профилактикалық бақылауды және (немесе) тексерулерді тіркеу мен есепке алу тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – ТСОБТ) электрондық форматта жүзеге асырылады.

Тіркеу және есепке алу субъектілері ТСОБТ-ға электрондық форматта мынадай ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – АЕҚ) ұсынады: «Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып жүргізілетін профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру туралы мәліметтердің есепке алу карточкасы» (бұдан әрі – №1-П карточкасы).

Бұл ретте тіркеу және есепке алу субъектісі әрбір бақылау субъектісі бойынша бақылау актісін ресімдейді. Тексеруді тағайындау туралы актіге профилактикалық бақылауды жүргізуге негіз болатын құжаттар (уәкілетті орган бекіткен бұйрық, оған қоса берілген тексерілетін субъектілер мен объектілердің тізімі, талдау, кәсіпкерлік санаты туралы анықтама), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабының 5-тармағында және өзге де заңнамасында көзделген жоспардан тыс тексеруді тағайындау негіздері қоса тіркеледі.

Тексерудің басталған күні болып тексеру тағайындау туралы актінің тексерілетін субъектіге тапсырылған күні есептеледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 147-бабының 1-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау органының профилактикалық бақылау жүргізу немесе тексеру жүргізу үшін объектіге келген лауазымды адамдары бақылау субъектісіне:

1. осы Кодексте өзгеше көзделмесе, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның тіркеу белгісі қойылған профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні;

2. қызметтік куәлігін немесе сәйкестендіру картасын;

3. қажет болған жағдайда режимдік объектілерге кіруге құзыретті органның рұқсатын;

4. денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажетті медициналық рұқсатты көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамасының бұзушылықтары анықталған жағдайда лауазымды адам мынадай актілерді шығарады (жасайды):

1. тексеру нәтижелері туралы акт;

2. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

3. арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнама талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

4. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

5. әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы.

Департаменттің лауазымды адамының актілері тексеру барысында анықталған жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және мүгедектігі

бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілеріне қатысты қолданылатын құқықтық ықпал ету шаралары болып табылады. Актілер екі данада жасалады, оның бір данасы қол қойғызу арқылы тексерілетін субъектіге табыс етіледі.

2026 жылғы 15 шілдедегі жағдай бойынша Департаментпен 51 тексеру жүргізілді, оның ішінде: ҚСжАЕАК-те тіркелгені – 39 (оның ішінде 37 жоспардан тыс тексеру, 2 профилактикалық бақылау); прокуратура органдарымен бірлесіп – 12 тексеру.

Тексерулердің нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы **20 нұсқама** берілді. Салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы **5 742 040** теңгені құрады, оның ішінде 5 119 240 теңгесі өндірілді. Атап айтқанда:

-19 заңды тұлғаға Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 83-бабы 1-бөлігі 1-тармағы бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етпегені үшін 5 655 540 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды;

- 1 лауазымды тұлғаға ӘҚБтК-нің 83-бабының 3-бөлігі бойынша 86 500 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Департаменттің талап қоюы бойынша Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотта нұсқамаларды мәжбүрлеп орындату туралы шешім шығарылып, 6 азаматтық іс қаралды.

Сонымен қатар, нұсқамаларды орындамағаны үшін 2 заңды тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасалып, мәні бойынша қарау үшін Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотына жолданды.

Қазіргі уақытта бөлім тарапынан бақылау субъектісіне барып жүргізілетін тексерулер жалғасуда.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайларын болдырмау мақсатында бақылау объектілеріне барып жүргізілетін тексерулерді Бөлімнің кемінде екі қызметкерінің қатысуымен жүргізуді жалғастыру.

Департамент басшысының орынбасары **Л. Сартымбетова**

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы **Б. Туреханов**